

**Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 440 "Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 171 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 сәуірде № 7060 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 89 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 10.04.2023 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 8-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 440 "Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5776 тіркелген , 2018 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*О. Уразалин*

2020 жылғы 17 сәуірі № 171 Ақтөбе  
облысы әкімдігінің қаулысына  
қосымша

**Ақтөбе облысы бойынша орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы**

| № | Білім алушылар саны | Жылына бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге |
|---|---------------------|--------------------------------------------------------------|
| 1 | 100                 | 598840,00                                                    |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК